

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық – құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі оқу орындарының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 544 қаулысына сәйкес құрылды.

3. Кәсіпорын құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Үкіметі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын республикалық мемлекеттік меншік құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жоніпдегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – тиісті саласындағы уәкілетті орган) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

толық:

мемлекеттік тілде – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

орыс тілінде – Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауэзова» Министерства образования и науки Республики Казахстан;

қысқа:

мемлекеттік тілде - «М. Әуезов атындағы ОҚМУ» РМК;

орыс тілінде - РГП «ЮКГУ имени М. Ауэзова».

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 160012, Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Тауке хан даңғылы, 5.

## 2. Мемлекеттік кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шпоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленіп және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.